

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ» КММ
«ХИУАЗ ДОСПАНОВА АТЫНДАҒЫ № 14 ОРТА МЕКТЕП» КММ

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2023 жылғы « 31 » 08
№ 274 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



«Эссе жазуға машықтандыру»
элективті курс бағдарламасы
10-11 класқа арналған

Ақтөбе 2023 жыл

Бағдарлама негізі: «Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы». Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған қосымша оқу-әдістемелік құрал. Білім беру және «Қазақстанның педагогикалық академиясы» корпоративтік қорының ғылыми қауымдастығы. Шымкент 2016 ж; «Эссе жазу әдістемесі мен практикасы» әдістемелік құрал 2020 ж; «Эссе жазудың тиімді жолдары» әдістемелік құрал, Елеуова А.А 2021 ж. оқу құралдарына сүйене отырып құрастырылған.

Құрастырғандар: Культаева Айгул Бисенбайқызы - «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
Жумагазина Жансауле Максотовна - №57 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Пайдаланушы: Культаева Айгул Бисенбайқызы - «Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

«Хиуаз Доспанова атындағы № 14 орта мектеп» КММ-нің педагогикалық кеңесінде «Эссе жазуға машықтандыру» элективті курс бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«31» тамыз 2023 жыл

Мектеп директоры

Шуйтенов С.Ж.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Эссе жазуға машықтандыру» элективті курс бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 2

« 28 » 08 2023 ж.

Сараптау комиссиясы төрағасы

М.О.Косымбаева

«Хиуаз Доспанова атындағы №14 орта мектеп» КММ-нің казак тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Б.Культаева, №57 орта мектебінің мұғалімі Ж.М.Жумагазинаның «Эссе жазуға машықтандыру» атты элективті курс бағдарламасына

ПІКІР

«Эссе жазуға машықтандыру» элективті курсы казак тілі мен әдебиеті пәнінен 10-11 кластарға арналған.

Ұсынылып отырған бағдарлама жаңа білім жүйесінің басты негіздерін жүзеге асыру жөнінде бағыт береді, ал сол тақырыпты пысықтауға арналған қосымша тапсырмалар бір-бірін толықтыра түседі.


Бағдарламада 10-11-класс оқушыларының шығармашылық ойлауын дамытуды және жазу шеберлігін шыңдау көзделеді. Ол ойды тұжырымдау, ақпаратты құрылымдау, анықтауға көмектеседі. Тәжірибені суреттеуге және жетілдіруге ықпал етеді.

Жаңа оқу бағдарламасында көрсетілгендей, оқушылардың жазылым дағдыларын қалыптастыруға, жазылымның табиғатын түсініп жазуға, түсінгенін сараптай алуға, білімін таразылай алуға көп септігін тигізеді.

Элективті курста оқушылар өз ойын жазбаша түрде жеткізеді және өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Оқушы өз мүмкіндігін басшылыққа алып, эссе тақырыбы мен атауын таңдайды. Өз ойын жазбаша түрде жеткізу және өз бетімен шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту мен жазылымның табиғатын түсініп жазуға, түсінгенін сараптай алуға, білімін таразылай алуға көп септігін тигізеді.

Аталған элективті курс оқушылардың осы дағдыларын дамыту күтілетін нәтиженің ең бастысы деуге болады. Бағдарламаның жанашылдық сипаты теориялық білім мен практикалық білімді ұштастыра отырып, эссенің барлық түрлерін еркін жаза алуға бағытталған тиімді жолдарын ұсынған мазмұндық сипатында деп білеміз. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері де осы нәтижеге бағытталғандығын көруге болады. Қорыта айтқанда, А.Б.Культаева мен Ж.М.Жумагазинаның «Эссе жазуға машықтандыру» атты элективті курс бағдарламасын мақұлдап, оқу үдерісіне енгізуге болады.

Пікір беруші:

К.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент  Н.А.Садуакас



Түсінік хат

«Эссе жазуға машықтандыру» элективті курсы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 10-11- кластарға арналған. Аптасына-1 сағат. Жылына-34 сағат.

Эссе жанры қазіргі заманда барлық мамандықтағы адамдар үшін негізгі іскерлік қарым-қатынас жасаудың, табысқа қол жеткізу үшін өз жаңалығын жүзеге асыруды, басқа адамдардың ой-пікіріне көзқарасын білдіру үшін ең негізгі жазу түрі болып қалыптасып отыр. Қазіргі мектеп оқушысы- келешек маман, ауызша да, жазбаша да талаптарға әрі уақытқа сай ойын толғай алатын маман болуы тиіс. Мектеп мұғалімдеріне ұсынылып отырған бұл бағдарлама сондай өткір мәселені шешуге көмек болады. ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша әлемдегі ең сауатты адам берілген тақырыпқа 500 сөзден астам көлемде өз ойын әдеби тілмен бере білген адам болып табылады. Сол себепті болашақ маман мектеп қабырғасында эссе жазуға қалыптасып, қай мамандық иесі болса да тұжырым жасай алатын тұлға болуы керек.

Жаңартылған білім беру мазмұны жүйесінде оқушылардың шығармашылық жұмыстарына ерекше назар аударылуда. Себебі, білім алушылардың оқу және жазу сауаттылықтарын қалыптастыру-бүгінгі күннің ерекше талабы. Біздер ұстаздар алдымыздағы оқушыларды шығармашылық жазу жұмыстарына баули отырып, ана тіліне қаныққан өзіндік пікір мен өзіндік позициясы қалыптасқан ұрпақ оқытуға қол жеткіземіз. Соның ішінде эссе жазу қазіргі оқу мақсаттарының негізі және мектеп бітіруші түлектерін қорытынды аттестаттау емтиханына дайындықта ана тілінен оқушы білімі эссе жазу арқылы бағаланады.

Аталған бағдарламада оқушылардың осы дағдыларын дамыту күтілетін нәтиженің ең бастысы деуге болады. Бағдарламаның жаңашылдық сипаты теориялық білім мен практикалық білімді ұштастыра отырып, эссенің барлық түрлерін еркін жаза алуға бағытталған тиімді жолдарын ұсынған мазмұндық сипатында деп білеміз. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері осы нәтижеге бағытталған.

Курстың мақсаты:

Тұлғаның интеллектуалды дамуына ықпал ету; «Эссе жазуға машықтандыру» курсының мазмұны арқылы танымдық іс –әрекетке және өз пікірін, көзқарасын жазуға, шығармашылыққа бейімдеу. Алған білімдерін түсіне білуге, талдай алуға, өмірде қолдана білуге, өз еңбектеріне баға беруге, сөздік қорын дамытуға бағыттау.

Курстың міндеті:

Білім алушының өміріне қажетті, білім, білік дағды қалыптастыру. Интеллектуалдық белсенділіктерін, сыни көзқарастарын, ақыл-ойларын, эссе жазудың қыр-сырын меңгерулеріне ықпал ету. Шығармашылық ойлауды және өзінің жеке ойын өз бетінше дамыту сияқты дағдылардан тұрады, өйткені эссе мазмұнында бірінші кезекте, автордың жеке басы, оның дүниетанымы, сезімі бағаланады. Эссе жазу оқушыларға ойларын нақты және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, негізгі ұғымдарды пайдалануға, байланыстың себеп-салдарын анықтауға, тиісті мысалдармен тәжірибені суреттеуге, өзінің қорытындысын жасауға мүмкіндік береді.

Курстың өзектілігі:

Жаңа педагогикалық технологияларды басшылыққа ала отырып, өздігінен білім алу тәсілдерін игерту, оқушыларды шығармашылық жұмыстарға, пәннің мазмұндық біліміне сыни тұрғыдан мән беруге дағдыландыру. Ой қорытындысын жасап, пікір білдіру әдеби нормадан ауытқымай, ойды сөзбен байланыстыру, сөзді орынды қолдануға септігін тигізеді. Эссе жазу арқылы жазу тілінің мәдениеті қалыптасады.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылдың 16 қарашасында шыққан №660 бұйрығына сәйкес, 2016-2017 оқу жылында жалпы орта білім беретін мектептердің

10-11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға өзгерістер енгізілді. 11-сынып

оқушылары үшін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен эссе жазу міндеттелді. Эссе жазу оқушыларға емтихан алды дайындық үшін бұл бағдарлама мектеп үдерісіне аса қажетті болып табылады. «Эссе жазуға машықтандыру» курсы арқылы эссе тақырыптары, оны бағалау критерийлері және эссе жазу үлгілері ұсынылып, оларға талдау жасауға машықтандыруға бағытталған. Нәтижесі – оқушылардың теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алуы. Білім алушының өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланып, ой-пікірін, көзқарасын жүйелеп жаза білуге үйренеді.

Қоғамдық-гуманитарлық әдебиет білім саласын факультатив сабақтарында, арнайы «Эссе жазуға машықтандыру» курсы тереңдете оқытуға қажеттілік жоғары. Мектеп бағдарламасында эссе жазу оқушыға талқылау мәтінін құрастыруды үйретіп, өз ойын байланыстырып жазуға мүмкіндік ашатын тәжірибе барысында белгілі болып отыр. Бұл бағдарламаны жасау- курсқа деген заманауи сұраныстан туындады.

Нормативті бөлім

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 3 сәуірдегі № 352 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы № 217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;

Мазмұны мен құрылымы

10-сынып

1. Кіріспе. «Ойлы сөз айта білеміз бе?» еркін пікір алаңы. (1 сағат).
- 2-3. Салыстыру: ауызекі сөйлеу, жазбаша пікір жазу және ауызша пікір айту(ерекшелік неде?)Ақпаратты талдап, ойды жинақтау. (2 сағат).
- 4-5.Эссе жазуға дайындық.Ой қорытып жазу жаттығуларымен жұмыс(2 сағат).
6. Эссе мен шығарманың айырмашылығы. Эссе жазылу мақсатына қарай оған қойылатын талаптар да әртүрлі болады. Эссе жазушы мақсатқа сәйкес эссе түрінің талаптарын сақтап отырып жазады. Ал, шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Шығарма – берілген белгілі бір тақырып бойынша жазылатын, міндетті құрылымнан тұратын, пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс. Шығарманың мақсаты –жазылым тілін, логикалық ойлауды дамыту. (1 сағат).
7. Эссе жазу талаптары. ЭССЕ жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптарды жіктеп көрсету: Жеке көзқарастың көрінісі ;Фактілі дәлелдер (аргументтер) Теоретикалық негіздеме; Терминдерді қолдану; Цитаталарды келтіру; Әртүрлі көзқарастарды мысалға алу; Логикалық заңдылықтың сақталынуы; Салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану; Сауаттылық (пункт., орфогр.); Юмор, сарказм; Қолд. ғылыми еңбектерге сілтеме жасау. (1 сағат).
8. Ой түйіндері. Ой үзіктері – абзацтар. Ой түйіндерін дұрыс қолдану.(1 сағат).
9. Эссеге даярлық. Таңдалған тақырып. Кіріспе жазу. Тезис. Тақырыпты түсіну сөйлемі,эссенің тақырыбына қарай эсседе талданатын мәселе туралы түсінік беру.Эссе тақырыбынан тезис қойылатындығын түсіндіру. (1 сағат).
- 10-11. Тезиске қатысты негізгі бөлімдегі ойлар және аргументтер, дәлелдер. Аргументке дейінгі баяндау,тақырыпқа байланысты дәлелдемелер мен аргументтерді таңдау. (1 сағат).
- 12-13. Негізгі бөлім және оған қойылатын талаптар.Тақырыпты түсіну сөйлемі,тақырыптың өзектілігі,тезис,кіріспе бөлімнен негізгі бөлімге өтуші сөйлем.Тезисті қолдаушы пікір,пікірге қатысты аргумент,анализ, абзацты қорытындылаушы сөйлем.Негізгі бөлімнің бір абзацынан екінші абзацына өтуші сөйлем.Абзац қорытындылаушы сөйлем. (1 сағат).
- 14-15. Пікірді дәйектеу (фактілер, ғылыми тұжырым, нақыл сөзбен түйіндеу, өзіндік пікір т.т.) Логикалық аргумент,психологиялық аргумент. Алынған пікірді нақты дәлелді фактілермен түйіндеу,қорытындылау. (1 сағат).
- 16-17. Өз пікірін , қорытынды жасау сызба, ережелерін жасап, қорғау. Ой еркіндігі. Өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету, мәліметтерді жинау,орынды қолдана білу. (1 сағат).
- 18-19. Ой жүйесі мен қисыны қандай болуы керек? Өзіндік пікір жазбасының логикасы, нақты дәлелмен жазу. Қорытынды бөлім және оған қойылатын талаптар. Кіріспе бөлімдегі тезиске қайта оралу.Негізгі бөлім абзацтарының түйіні,эссені қорытындылаушы сөйлем.Эссе ерекшелігіне қарай шешім,қорытынды жасау.(2 сағат).

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау

10-сынып

№	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе. «Ойлы сөз айта білеміз бе?» еркін пікір алаңы	1	
2-3	Салыстыру: ауызекі сөйлеу, жазбаша пікір жазу және ауызша пікір айту(ерекшелік неде?)Ақпаратты талдап, ойды жинақтау	2	
4-5	Эссе жазуға дайындық.Ой қорытып жазу жаттығуларымен жұмыс	2	
6	Эссе мен шығарманың айырмашылығы	1	
7	Эссе жазу талаптары	1	
8	Ой түйіндері. Ой үзіктері – абзацтар.	1	
9	Эссеге даярлық. Таңдалған тақырып. Кіріспе жазу. Тезис.	1	
10-11	Тезиске қатысты негізгі бөлімдегі ойлар және аргументтер, дәлелдер	2	
12-13	Негізгі бөлім және оған қойылатын талаптар	2	
14-15	Пікірді дәйектеу (фактілер, ғылыми тұжырым, нақыл сөзбен түйіндеу, өзіндік пікір т.т.) Логикалық аргумент, психологиялық аргумент.	2	
16-17	Өз пікірін , қорытынды жасау сызба, ережелерін жасап, қорғау. Ой еркіндігі	2	
18-19	Ой жүйесі мен қисыны қандай болуы керек? Өзіндік пікір жазбасының логикасы, нақты дәлелмен жазу. Қорытынды бөлім және оған қойылатын талаптар	2	
20-21	Эссе жазу талаптары және бағалау негіздері. Эссе жазуда ең басты, ең маңызды қадамдар туралы не білеміз?	2	
22-23	«Эссе жазудың тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытуға қаншалықты ықпалы бар?» тақырыбында пікір алмасу	2	
24-25	Эссе түрлері. Көркем әдеби эссе жазу ерекшелігі.	2	
26-27	Арнау хат (кейіпкерге хат, көпшілікке хат түріндегі эссе). Публицистикалық эссе.	2	
28-29	Эссе жазу барысында қандай дағдыларды меңгердім?	2	
30-31	«Эсселер көрмесі» еркін тақырыптағы эсселер байқауы.	2	
32-33	Эссе жазуда қолданылатын көркемдегіш құралдар	2	
34	Эссені бағалаудың критерийлері	1	

СМ

Мазмұны мен құрылымы

II-сынып

1. **Кіріспе.** Топтық жұмыс арқылы тақырыппен танысады (1 сағат).
2. **Эссенің айырмашылығы.** Топтық жұмыста «Вени диаграмма» әдісі арқылы эссенің басқа жазбажанрдан айырмашылығы туралы біледі. (1 сағат).
3. **Эссенің құрылымы, эссені жоспарлау.** Топтық жұмыс арқылы эссе жазуға қойылатын талаптарды кластерге орналастырады. (1 сағат).
4. **Эссе жазу барысында қатаң сақталуы тиіс талаптар.** Топтық жұмыс, «Кластер» әдісі. (1 сағат).
5. **Эссенің мақсаты, көлемі.** Жеке жұмыс (1 сағат).
6. **Эссенің түрлері.** Академиялық эссе. Топтық жұмыс. Постер қорғайды. (1 сағат).
7. **Әдеби эссе. Әдеби-талдау эссе.** Топтық жұмыс. «Үш кадамды сұхбат» әдісі арқылы Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген философиялық ойын қазіргі заманмен салыстыра отырып, өз көзқарасыңызды білдіреді. (1 сағат).
8. **Жеке жұмыс.** «Сұрақтар шеңбері» әдісі арқылы А.Құнанбаев отыз үшінші қара сөзінде: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды...» деп, мал табудың адал жолын өнерден іздеуді өсиет қылады. Абай өсиетінің қазіргі таңдағы маңыздылығын дәлелдеп жазады. (1 сағат).
9. **Топтық жұмыс.** «Жылжымалы дебат» әдісі арқылы әдеби – талдау эссеге құрылымдық талдау жасайды. (1 сағат).
10. **Әдеби-сыни эссе.** Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінде өзін қалай таныстырады? Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтап, сыни көзқараспен талдап жазыңыз. Топтық жұмыс. «Үш кадамды сұхбат» әдісі (1 сағат).
11. **С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңіндегі** нағыз досқа тән қасиеттерге өз көзқарасыңызды талдап, сыни талдау жасайды. Жеке жұмыс (1 сағат).
12. **Әдеби – сыни эссеге құрылымдық талдау.** Топтық жұмыс. «Бірлескен жоба» әдісі (1 сағат).
13. **Әдеби-синтез эссе.** Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы бас кейіпкер Демежанның кісілік келбетін нақты мысалдармен дәлелдеп жазады. Жеке жұмыс (1 сағат).
14. **Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасындағы «Қазақ үшін қыз — ұлттық намыстың бір белгісі» деген ойды өз көзқарасымен дәлелдеп жазады.** Жеке жұмыс (1 сағат).
15. **Әдеби – синтез эссеге құрылымдық талдау.** Жұптық жұмыс. «Бірлескен жоба» әдісі (1 сағат).
16. **Білім, білік дағдыларын бақылау.** (1 сағат).
17. **Әдеби-дәлелдеме эссе.** І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы **Кенесары бейнесінің тарихи маңызын талдап, көзқарасыңызбен дәлелдеп жазыңыз.** Топтық жұмыс. «Концептуалды кесте» әдісі (1 сағат).

18. Рабига Сыздықтың «Асқар Сүлейменовтің «Бесатарындағы» ой-сана тартысы – зиялылардың өзара пікірталасы емес, ұлттық намыс пен империялық өктемдік арасындағы арпалыс» деген пікірін дамытып, шығармадағы заман көрінісіне талдау жасайды. Жеке жұмыс (1 сағат).
19. Әдеби – дәлелдеме эссеге құрылымдық талдау. Топтық жұмыс. Постер (1 сағат).
20. Әдеби-салыстырмалы эссе. І. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Сағынай асы мен М. Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Бөжей асының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырып жазады. Топтық жұмыс. «Венн диаграммасы» әдісі (1 сағат).
21. І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесінің тарихи маңызын салыстыра талдап жазады. Жеке жұмыс (1 сағат).
22. Әдеби – салыстырмалы эссеге құрылымдық талдау. Топтық жұмыс. «Үш кадамды сұхбат» әдісі (1 сағат).
23. Әдеби-шығармашылық эссе. Т. Молдағалиевтың «Бауырлар» өлеңіндегі көтерілген мәселенің ғаламдық деңгейдегі өзектілігіне дәлел келтіре отырып жазады. Топтық жұмыс. «Еркін әңгіме» әдісі (1 сағат).
24. «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу — сатқындықтың белгісі», - деген Бауыржан Момышұлының аманат сөзін өз пікіріңізбен дәлелдеп жазады. Жеке жұмыс (1 сағат).
25. Әдеби – шығармашылық эссеге құрылымдық талдау. Топтық жұмыс. «Үш кадамды сұхбат» әдісі (1 сағат):
26. Сұрақтан басталып, сұрақтан аяқталатын эссе. Жұптық жұмыс. «Бірлескен жоба» әдісі (1 сағат).
27. Білім, білік дағдыларын бақылау. Жеке жұмыс (1 сағат).
28. Бағалау өлшемдері. Ескерілетін тілдік құрылымдар. Топтық жұмыс. «Стикердегі диалог» әдісі (1 сағат).
29. Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі. Эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі. «Ұлттық құндылықтар – қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері» пікіріне байланысты өз ойыңызды дәлелдеп, аргументтік эссе жазады. Жұптық жұмыс. «Бірлескен жоба» әдісі (1 сағат).
30. Эссенің композициялық тұтастығы және логикалық берілуі. Жұптық жұмыс. «Бірлескен жоба» әдісі (1 сағат).
31. Орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау. Топтық жұмыс. Постер (1 сағат).
32. Грамматикалық және сөйлеу нормаларын сақтау. Топтық жұмыс (1 сағат).
33. Жиі кездесетін қателіктер. Эссе не береді? Топтық жұмыс (1 сағат).
34. Қорытынды сабақ. Эсселер жинағын шығару. Топтық жұмыс (1 сағат).

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау
II-сынып

№	Сабақтың тақырыптары	Сағат саны	Мерзімі
I бөлім. Эссе құрылымы			
1	Кіріспе. Эссе жанры	1	
2	Эссенің басқа жазба жанрдан айырмашылығы. Эссенің айырмашылығы	1	
3	Эссенің құрылымы, эссені жоспарлау.	1	
4	Эссе жазу барысында қатаң сақталуы тиіс талаптар	1	
5	Эссенің мақсаты, көлемі.	1	
II бөлім. Эссе түрлері және жазу тәсілдері			
6	Эссенің түрлері. Академиялық эссе.	1	
7	Әдеби эссе. Әдеби-талдау эссе. Абайдың: <i>«Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп»</i> деген философиялық ойын қазіргі заманмен салыстыра отырып, өз көзқарасыңызды білдіріңіз	1	
8	А.Құнанбаев отыз үшінші қара сөзінде: <i>«Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұттайды, өнер жұтамайды...»</i> деп, мал табудың адал жолын өнерден іздеуді өсиет қылады. Абай өсиетінің қазіргі таңдағы маңыздылығын дәлелдеп жазыңыз	1	
9	Әдеби – талдау эссеге құрылымдық талдау.	1	
10	Әдеби-сыни эссе. Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңінде өзін қалай таныстырады? Ақын бойындағы ұлттық мінез бен қасиеттерді анықтап, сыни көзқараспен талдап жазыңыз.	1	
11	С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңіндегі нағыз досқа тән қасиеттерге өз көзқарасыңызды талдап, сыни талдау жасаңыз	1	
12	Әдеби – сыни эссеге құрылымдық талдау	1	
13	Әдеби-синтез эссе. Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романындағы бас кейіпкер Демежанның кісілік келбетін нақты мысалдармен дәлелдеп жазыңыз.	1	
III бөлім Негізгі бөлім және оған қойылатын талаптар			
14	Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасындағы «Қазақ үшін қыз — ұлттық намыстың бір белгісі» деген ойды өз көзқарасыңызбен дәлелдеп жазыңыз.	1	
15	Әдеби – синтез эссеге құрылымдық талдау.	1	
16	Білім, білік дағдыларын бақылау.	1	
17	Әдеби-дәлелдеме эссе. І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесінің тарихи маңызын талдап, көзқарасыңызбен дәлелдеп жазыңыз.	1	
18	Рабиға Сыздықтың «Асқар Сүлейменовтің «Бесатарындағы» ой- сана тартысы – зиялылардың өзара пікірталасы емес, ұлттық намыс пен империялық өктемдік арасындағы арпалыс» деген пікірін дамытып, шығармадағы заман көрінісіне талдау жасаңыз.	1	
19	Әдеби – дәлелдеме эссеге құрылымдық талдау.	1	
20	Әдеби-салыстырмалы эссе І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы Сағынай асы мен	1	

	М.Өуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Бөжей асының ұқсастықтары мен ерекшеліктерін салыстырып жазыңыз.		
21	І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесінің тарихи маңызын салыстыра талдап жазыңыз.	1	
IV бөлім Білім,білік дағдыларын бақылау			
22	Әдеби – салыстырмалы эссеге құрылымдық талдау.	1	
23	Әдеби-шығармашылық эссе. Т.Молдағалиевтың«Бауырлар» өлеңіндегі көтерілген мәселенің ғаламдық деңгейдегі өзектілігіне дәлел келтіре отырып жазыңыз.	1	
24	«Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу — сатқындықтың белгісі», -деген Бауыржан Момышұлының аманат сөзін өз пікіріңізбен дәлелдеп жазыңыз.	1	
25	Әдеби – шығармашылық эссеге құрылымдық талдау	1	
26	Сұрақтан басталып, сұрақтан аяқталатын эссе	1	
27	Білім, білік дағдыларын бақылау.	1	
28	Бағалау өлшемдері. Ескерілетін тілдік құрылымдар	1	
V бөлім. Эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі			
29	Эссе тақырыбын ашу тереңдігі және пікірлердің сенімділігі. Эссе тақырыбы бойынша өз пікірін дәйектеуі. «Ұлттық құндылықтар – қазақ мәдениетінің негізгі қайнар көздері» пікіріне байланысты өз ойыңызды дәлелдеп, аргументтік эссе жазыңыз	1	
30	Эссенің композициялық тұтастығы және логикалық берілуі.	1	
31	Орфографиялық және пунктуациялық нормаларды сақтау	1	
32	Грамматикалық және сөйлеу нормаларын сақтау.	1	
33	Жиі кездесетін қателіктер.Эссе не береді?	1	
34	Қорытынды сабақ. Эсселер жинағын шығару.	1	

СБ

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Әдебиеттер:

1. «Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы» Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған қосымша оқу-әдістемелік құрал. Білім беру және «Қазақстанның педагогикалық академиясы» корпоративтік қорының ғылыми қауымдастығы. Шымкент 2016 ж.
2. «Эссе жазу әдістемесі мен практикасы» Әдістемелік құрал 2020ж
3. «Эссе жазудың тиімді жолдары» әдістемелік құрал Елеуова А.А 2021ж

Қосымша әдебиеттер:

1. Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдама. Астана 2016ж.
2. «Өлем өзгерумен біз де өзгереміз» эсселер жинағы. ПШО Алматы 2016.
3. Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы. Шымкент 2016. 4. Интернет желілері.
4. Мектеп бітірушілердің қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдама. Астана 2016ж.
5. Қазақ тілінен эссе жазудың құрылымы. Шымкент 2016.
6. Ерназарова З.Ш. Эссе түрлері оқу құралы.-Алматы, 2018
7. 1. Уәлиев Н «Сөз мәдениеті»
8. Қабдоловтың «Сөз өнері» Алматы 2002
9. С. Құрмағалиев «Тіл мәдениетін оқыту жайы» еңбектері
10. Қ. Жұмалиев «Әдеби мұра және оны зерттеу» Алматы 1961